

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

обеспечения инвестиционной деятельности организаций //RussianJournalofManagement. – 2019. – Т. 7. – №. 4. – С. 6-10.

2 МСА 315 (пересмотренный) «Выявление и оценка рисков существенного искажения посредством изучения организации и ее окружения» - С. 360–428
<https://www.audit.kz/mezhdunarodnye-standarty-audita>

3Потанин В. В., Долженкова Е. В. Формирование учетно-аналитического обеспечения оценки финансового состояния промышленных предприятий в условиях неопределенности //Экономика и предпринимательство. – 2017. – №. 5-2. – С. 662-665.

4Automation with intelligence.Pursuing organisation-wide reimagination. R. Horton, J. Watson, G. Schaefer. Deloitte. 2020. URL: <https://www2.deloitte.com/us/en/insights/focus/technology-and-the-future-of-work/intelligent-automation-2020-survey-results.html>(дата обращения:25.03.2024).

5 Вокина Е. Б. Методика промышленного и производственного аудита, аудита человеческих ресурсов //Вектор науки Тольяттинского государственного университета. – 2012. – №. 2. – С. 147-152.

УДК 336.01

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНДІРІСІНІҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ТАЛДАУЫ

Акишева Тойжан Даулетовна
akishevatoizhan02@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат.Еуразия ұлттық университетінің «Есеп және аудит» мамандығының
4- курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Садуақасова К.Ж.

Қазіргі таңда, құрылыс - отандық экономиканың маңызды салаларының бірі болып табылады. Оның жағдайы көбінесе қоғамның және оның өндіргіш күштерінің даму деңгейін анықтайды. Құрылыс саласы өндірістік қорларды заманауи техникалық негізде жаңартуды, элеуметтік саланы дамытуды, жетілдіруді, материалдық игіліктерді өндіруді қайта құруды, жаңғыртуды және техникалық қайта жарактандыруды жүзеге асыруға көмектеседі.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі Қазақстан Республикасы өнеркәсібіндегі маңызды салалардың бірі болып табылады. Ол ел экономикасында ерекше орын алады, өйткені ол өзінің екі маңызды секторын – өнеркәсіп пен құрылысты біріктіреді. Қазіргі уақытта өңірлік деңгейде республиканың он сегіз облысында құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы байқалды. Айтарлықтай өсім Маңғыстауда (55,9%-ға), Жетісуда (49,1%-ға), Батыс Қазақстанда (42,8%-ға), Абайда (39%-ға), Қарағандыда (32,2%-ға), Солтүстік Қазақстанда (27,6%-ға), Қостанай (21,8%-ға), Ақтөбе (21,3%-ға), Қызылорда (20,4%-ға), Павлодар (15%-ға), Жамбыл (10,3%-ға) облыстарында болды. Яғни бұл елімізде ірі кәсіпорындардың көп болуымен сипатталып, бұл салаға құрылыс материалдарының кең ассортиментін шығаруға мүмкіндік береді [1].

Жалпы құрылыстағы өндіріс процесі шикізат пен материалдардың дайын өнімге айналуының көрінісі болып табылады. Құрылыс өндірісіндегі соңғы нәтиже құрылыс материалдары – ұйымның дайын өнімі болып саналады. Бұл кәсіпорындағы бухгалтерлік есептің маңызды элементтерінің бірі болып табылады, өйткені өндіріс шығындарын есепке алмай өнімнің өзіндік құнын дұрыс тұжырымдау мүмкін емес. Бұл саладағы кәсіпорындарға оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге, өнімділікті арттыруға, шығындарды азайтуға және өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Яғни, есептің дұрыстығы ұйымның қаржылық нәтижелерін уақтылы бақылауды қамтамасыз етеді және тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының құрылыс саласы жеке меншікке және нарықтық қатынастардың жеткілікті дамыған жүйесіне негізделген экономиканың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Және экономиканың материалды көп қажет ететін салаларының бірі болып табылатындығынан, әдетте, материалдар құрылыс жобасының

металық құнының көп бөлігін құрайды. Сондықтан құрылыс материалдарын есепке алу кәсіпорындағы есеп жүйесін ұйымдастыруға тікелей әсер ететін өзіндік ерекшеліктері бар.

Құрылыстағы бухгалтерлік есеп бірқатар ерекше белгілерді қамтиды. Құрылыс кәсіпорындарының құрамына қосалқы объектілер (мысалы, құрылыс конструкцияларын шығаратын цех, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және т.б.) кіруі мүмкін, сондықтан негізгі өндірістің, қосалқы өндірістердің нәтижелері бухгалтерлік есепте бөлек көрсетілуі керек. Құрылыс конструкцияларын, бұйымдарын, материалдарын өндіру және оларды үшінші тұлғаларға сату өндірістік қызмет болып табылады.

Құрылыс ұйымындағы қызметтің бірнеше түрін біріктіру құрылыс ұйымындағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Ол ұйымның нормативтік құжаттарына және компанияның ішкі пайдалануға арналған есеп саясатына сәйкес жүргізіледі. 8 ХҚЕС «Есеп саясаты, есеп бағалауларындағы өзгерістер және қателер» есеп саясатын «қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну үшін ұйым қолданатын принциптер, негіз, ережелер мен процедуралар» ретінде анықтайды. Есеп саясаты – бұл әр кәсіпорын өз бетінше әзірлейтін және ұйым басшысы қабылдаған бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті өз принциптері мен негіздерінің талаптарына сәйкес ашу әдістерінің жиынтығын білдіретін бухгалтерлік есеп, талдау, аудит саласындағы ұзақ мерзімді саясат.

Қазақстан Республикасындағы құрылыс материалдары өндірісін есепке алу және талдау құрылыс индустриясын дамыту және халықты және кәсіпорындарды құрылыс материалдарымен қамтамасыз етудің маңызды міндеті болып табылады.

Қазақстандағы құрылыс материалдарын өндіруді есепке алу жүйесі заңнамаға және осы саладағы кәсіпорындарға қойылатын талаптарға негізделген. Мемлекеттік органдар құрылыс материалдарының сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өндіріс процесін бақылайды және реттейді.

1 Кесте. Кәсіпорынның бухгалтерлік есеп жүйесіндегі құрылыс материалдарының өндірісінің бухгалтерлік есебін жүргізу ерекшеліктері

№	Көрсеткіштер	Кәсіпорынның бухгалтерлік есеп жүйесіндегі құрылыс материалдарының өндірісінің бухгалтерлік есебін жүргізу ерекшеліктері
1	Шикізатты сатып алу	
2	Материалдық құндылықтарды өндірумен және айналымымен байланысты күрделі процестерді есепке алу қажеттілігі	
3	Өндіріс процесінің есебі	
4	Амортизациясын есепке алу	
5	Қойма есебі	
6	Қаржылық есеп	
7	Нормативтік құжаттаманы, актілерді, заңдарды сақтау (ХҚЕС,БЕ)	
Ақпарат көзі:автормен құрастырылды [2]		

Құрылыс материалдарын өндірудегі бухгалтерлік есептің ерекшеліктерінің бірі материалдық құндылықтарды өндірумен және айналымымен байланысты күрделі процестерді есепке алу қажеттілігі болып табылады. Бұл саладағы бухгалтерлік есеп өндіріс процесінің ерекшеліктерін ескеретін арнайы білімді және бухгалтерлік есеп тәсілдерін қажет етеді.

Ерекшеліктердің бірі - құрылыс материалдарын өндіруге кететін шығындарды есепке алу. Құрылыс материалдарын өндіру процесі айтарлықтай күрделі және көп сатылы болуы мүмкін болғандықтан, шикізатқа, энергияға, жұмыс күшіне және басқа факторларға шығындарды ескеру қажет. Өндіріс процесінде әртүрлі шикізаттар, материалдар мен жинақтаушы бұйымдар, сондай-ақ құралдар мен жабдықтар пайдаланылады, олардың құны

өндірістік процестің ерекшеліктерін ескере отырып дұрыс ескерілуі керек. Осыған байланысты бухгалтерлік есеп шығындарды дұрыс бөлуді және олардың дайын өнімнің өзіндік құнына әсерін талдауды талап етеді.

Келесі ескеретін жайттын бірі – өндірістік қорлардың амортизациясын есепке алу. Құрылыс материалдарын өндіруде уақыт өте келе тозып, құнын жоғалтатын жабдықтарды, машиналарды, құралдарды және басқа да активтерді пайдаланады. Бухгалтер осы активтердің амортизациясын есепке алуы және оны қаржылық есепте дұрыс көрсетуі керек.

Тағы бір маңызды ерекшелігі - қойма есебі. Құрылыс материалдарын өндіру процесінде әртүрлі құрамдас бөліктер мен дайын өнімдердің қорларын сақтау және бақылау қажеттілігі туындайды. Тауарлы-материалдық қорларды және олардың айналымын дұрыс есепке алу өндірістік процестерді тиімді жоспарлауға, қажетсіз шығындардың алдын алуға және қорларды басқаруды жақсартуға мүмкіндік береді.

Осы барлық процесстер кезең соңында барлық өндіріс шығындары, сатудан түскен табыс және өндіріске байланысты басқа да қаржылық операциялар қаржылық есепте көрсетіледі. Яғни, назар аударатын аспект – құрылыс материалдарын өндірудегі кірістер мен шығыстардың есебі. Бұл салада бухгалтерлік есептің әртүрлі әдістерін қолдануға болады: өндіріс шығындары өзіндік құн жүйесі бойынша, ал кірістер – өткізу жүйесі бойынша есепке алынуы мүмкін. Бухгалтер кәсіпорынның қаржылық есептілігінің сенімділігі мен әділдігін қамтамасыз ету үшін бухгалтерлік есептің сәйкес әдістерін дұрыс таңдап, қолдануы керек.

Ақырында, нормативтік құжаттаманы бақылау және нормативтік актілерді сақтап, ұйымның есеп саясатында белгіленген ХҚЕС сәйкес жұмыс жасау сияқты ерекшеліктерді ескеру қажет. Құрылыс материалдарын өндіруде белгілі бір сапа мен қауіпсіздік стандарттарын сақтау қажет. Бухгалтер мүмкін болатын бұзушылықтар мен компанияға қауіп төндірмеу үшін тиісті құжаттарды жүргізуді және сәйкестікті бақылауды қамтамасыз етуі керек.

Бұл саладағы салық салуды да атап өткен жөн, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Кейбір құрылыс материалдарына олардың мақсаты мен қолданылуына байланысты арнайы салық ставкалары немесе жеңілдіктер қолданылуы мүмкін. Бұл мүмкіндіктерді дұрыс есепке алу салық базасын барынша азайтуға және ұйымның салық төлемдерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Ақырында, құрылыс материалдарын өндірудегі бухгалтерлік есеп осы саланың мүмкін болатын тәуекелдері мен ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Мұндай тәуекелдерге шикізат бағасының тұрақсыздығы, нарықтық сұраныстың өзгеруі, өндіріске байланысты техникалық проблемалар және т.б. жатқызылуы мүмкін. Бұл тәуекелдерді есепке алу және талдау олардың ұйымның қаржылық жағдайына әсерін бағалауға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Барлық осы ерекшеліктер құрылыс материалдарын өндірудегі бухгалтерлік есепті терең білімді және оны басқаруға кәсіби көзқарасты талап ететін күрделі де жауапты процесс етеді.

Нарықтық экономика мен жетілдірілген басқару жағдайында бухгалтерлік есептің рөлі мен маңызы артып келеді. Бухгалтерлік есептің негізгі мақсаты – субъектінің қаржылық-шаруашылық қызметі туралы нарықтық экономиканы басқару және орнату, әртүрлі деңгейдегі басқару шешімдерін дайындау, негіздеу және қабылдау үшін қажетті сапалы және уақтылы ақпаратты қалыптастыру; субъектінің нарықтағы мінез-құлқын анықтау және бәсекелес субъектілерді анықтау.

Құрылыс саласында «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Заңы еліміздің тұрақты дамуын қалыптастыру және инновациялық жолға түсу факторларының бірі болып табылады [3]. Осы Заң Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру процесінде мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың арасында туындайтын қатынастарды реттейді және елді мекендер мен елді мекен аралық аумақтардың тұрақты дамуы мен толыққанды өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл қызметті реттеу құрылыс мердігерлік шарттары бойынша міндеттемелерді рәсімдеу және құрылыс жұмыстары мен оларды жүзеге асыруға байланысты шығыстарды есепке алу тәртібін реттейтін

нормативтік құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты құрылыстағы бухгалтерлік есепті реттейтін нормативтік құқықтық базаны құрылымдау ерекше өзектілікке ие.

Қазақстанда бухгалтерлік есепті реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілдік ететін мемлекет жүзеге асырады. Жалпы басшылық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелген. Қаржы министрлігі:

- 1) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді;
- 2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерін қабылдайды;
- 4) ұлттық стандарттар мен оларға арналған әдістемелік нұсқауларды әзірлейді және бекітеді;
- 5) бухгалтерлік есептің үлгілік шоттары жоспарын әзірлейді және бекітеді;
- 6) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен және кәсіптік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;
- 8) консультативті - кеңесші органның ұсынымдарын ескере отырып, кәсіби бухгалтерлерге қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді.

Қазіргі уақытта бухгалтерлік есепті реттеу жүйесі құжаттардың төрт деңгейінен тұрады.

2 Кесте – ҚР Бухгалтерлік есепті реттеу жүйесі

№	Деңгей	Нормативтік құжаттар	Құжаттарды қабылдайтын органдар
1	Заңнамалық	Заңдар, қаулылар, жарлықтар, кодекстер	ҚР Парламенті, Үкіметі, ҚР Президенті
2	Стандарттар жүйесі	Бухгалтерлік есеп ережелері (стандарттар)	ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі
3	Әдістемелік	Әдістемелік нұсқаулар, хаттар	ҚР Қаржы министрлігі, халықаралық консультативтік комитеттер
4	Шаруашылық субъектілерінің стандарттары	Ұйымның ұйымдық-әкімшілік құжаттамасы (бұйрық)	Ұйымдар, фирмалар, компаниялар

Бірінші деңгейдегі құжаттар ретінде «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 заңы заңнамалық деңгейді көрсетеді. Нормативтік құжаттарға заңдар, ережелер, қаулылар, кодекстер жатады. Осы заңға сәйкес кез келген кәсіпкерлік қызмет міндетті түрде сақталуы тиіс бухгалтерлік есептің негізгі ережелері қарастырылған [4].

Бухгалтерлік есепті реттеудің екінші деңгейі – стандарттар жүйесі болып табылады. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңының логикасына сәйкес бухгалтерлік есепті реттеудің екінші деңгейінің нормативтік құжаттарына экономикалық қызметтің жекелеген түрлеріндегі стандарттардың ерекшеліктерін белгілейтін Бухгалтерлік есеп ережелері (стандарттары) жатады. Олар экономикалық қызметтің жекелеген түрлерінде стандарттардың ерекшеліктерін белгілейді және олардың қажеттілігі салалардың көпшілігінде, соның ішінде құрылыста да сезіледі. Деңгейдің бұл түрі активтерді, сондай-ақ кірістерді, шығыстарды, міндеттемелерді және меншікті капиталды өлшеу, есепке алу және оны ашу үшін бухгалтерлік есепте қолданылатын жалпы қабылданған әдістердің жиынтығын қамтамасыз етті. Кез келген шаруашылық субъектісі бұл әдістерді мүлтіксіз орындауы керек.

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңының логикасына сәйкес реттеудің үшінші әдістемелік деңгейінің нормативтік құжаттарына Әдістемелік нұсқаулар, хаттар кіреді [4]. Құжаттарды қабылдайтын органдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, халықаралық консультативтік комитеттер

болып табылады.

Осы жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектінің, яғни құрылыс ұйымының стандарттарын қамтитын соңғы – төртінші – реттеу деңгейіндегі құжаттардың рөлі мен маңызы айтарлықтай артады. Бұл реттеу деңгейінің негізгі құжаттары: құрылыс ұйымының есеп саясаты, бухгалтерлік есеп туралы ереже, құрылыс ұйымының есеп шоттарының жұмыс жоспары, құжат айналымының графиктері және т.б. Кәсіпорын басшысы бұл құжаттарды әзірлеп, бекітуі керек. Олар сипатталған жоғарғы үш деңгей негізінде дайындалуы керек. Бұл құжаттарда есеп жүргізу, сондай-ақ қаржылық есептілікті жасау және ұсыну ережелері көрсетілуі тиіс.

Осылайша, құрылыс қызметін есепке алуды құқықтық реттеу жағдайына жоғарыда келтірілген талдау нәтижелерін ескере отырып, ұйымдар төртінші деңгейдегі құжаттарды қалыптастыруға мұқият қарауы керек. Бұл, ең алдымен, есеп саясатын әзірлеуге қатысты, мұнда құрылыс жұмыстарының есебін ұйымдастыруда, бухгалтерлік есептің жұмыс жоспарына тиісті толықтырулар енгізуде және бухгалтерлік есеп жүргізу әдістемесін өзгертуде аса күрделі аспектілерге ерекше назар аудару қажет. Атап айтқанда, кірістер мен шығыстар, сондай-ақ құрылыс қызметінің нәтижелері бойынша есептілік көрсеткіштерін қалыптастыруға аса маңызды көңіл бөлу қажет.

Жалпы алғанда құрылыс материалдарының өндірісін есепке алуда қолданылатын бухгалтерлік есеп құжаттары тиімді және сенімді бухгалтерлік есеп жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Олар басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті қаржылық деректердің сенімділігі мен дәлдігін қамтамасыз етеді, кәсіпорындарға өндіріс шығындарын бақылауға, қорларды оңтайландыруға және ресурстарды пайдалану тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы құрылыс материалдары өндірісін бухгалтерлік есепке алу жүйесінен басқа бірталай ҚР заңнамасына және осы саладағы кәсіпорындарға қойылатын талаптарға негізделген. 2023 жылғы 19 желтоқсандағы «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» жаңа техникалық регламентті бекіткен Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығы күшіне енді [5].

Осы техникалық регламент ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының өмірлік циклінің барлық кезеңдеріндегі қауіпсіздігіне Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға және орындауға қойылатын ең аз және міндетті талаптарды, сондай-ақ оларды сәйкестендіру ережелерін және сәйкестікті растау нысандары, оның ішінде өнімді айналымға шығару кезінде, құрылыс материалдары мен бұйымдарын таңбалауға қойылатын талаптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында еркін жүруді қамтамасыз ету үшін оны қолдану ережелері белгілейді.

"Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығының 2 тарауының 2 тармағына сәйкес [5]:

Дайындаушы – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, өз атынан өнім өндіруді немесе өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға.

Ал, 9 тармағына сәйкес: Құрылыс материалы – құрылыс бұйымдары және/немесе құрылыс конструкцияларын дайындауға арналған табиғи пайда болған немесе өнеркәсіптік әдіспен өндірілген құрылыс өнімі;

Яғни, ұйым осы заңды ұстана отырып, өзін құрылыс материалдарын өндіруші ретінде заңды түрде толығымен растай алады.

Жалпылай келе, ұсынылған мәліметтер негізінде келесі қорытындыларды жасауымызға болады. Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру мен жүргізуді және бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті жасауды реттейтін негізгі құжат «Бухгалтерлік есеп және

қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Заңы. Аталған заңның негізінде, еліміздегі жалпы кез-келген қызмет саласындағы бухгалтерлік есепті реттеу жүйесі - құжаттардың төрт деңгейінен тұрады. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Заңымен бекітілген нормативтік құжаттардың бұл жіктемесі бухгалтерлік есеп саласындағы салалық стандарттар мен ұсынымдарды нақты бөледі. Бұл ұсынымдар салалық стандарттарды дұрыс қолдануға, бухгалтерлік есепті ұйымдастыру шығындарын азайтуға арналған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру және объектілерді пайдалануға беру туралы (2023 жылғы қаңтар-қараша)[Электрондық ресурс]<https://clck.ru/39njPs>
2. Оразбекұлы Б. Бухгалтерлік есеп және аудит негіздері. Оқу құралы. Алматы, 2011.
3. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы
4. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-III Заңы (01.01.2022 ж. өзгертулер мен толықтырулар).
5. "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығы. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 маусымда № 32783 болып тіркелді)

УДК 311.216;336.717.6

ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ АУДИТА ОБЪЕКТОВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ

Байзакова Аружан

aigul.bildebayeva@gmail.com

International Educational Corporation

2nd year student of the specialty "Finance" F(23)-2S* Almaty city, Kazakhstan

Scientific supervisor – A.V. Bildebayeva

В условиях высокоскоростного развития современной экономики нематериальные активы, в том числе внедрение новых технологий, патенты и лицензии, товарные знаки известных компаний, авторские права и другие нематериальные активы, становятся одной из важнейших составляющих активов компании, а в некоторых случаях даже среди всех ее материальных активов. Очевидными примерами являются компании-разработчики программного обеспечения, исследовательские институты или компании, владеющие хорошо известными товарными знаками. В целом в настоящее время рынок интеллектуальной собственности можно охарактеризовать как зарождающийся рынок.

Объекты интеллектуальной собственности обладают следующими признаками:

1. Отсутствие физического объекта;
2. Полезность;
3. Разнообразие, непосредственность, оригинальность;
4. Периодичность;
5. Истощение;
6. Потребность в управлении;
7. Низкий уровень ликвидности.